

**Сүлейменов П.М.<sup>1</sup>, Абдихапарова Г.А.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>саяси ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: spirimbek.@mail.ru

<sup>2</sup>философия кафедрасының оқытушысы, e-mail: Lucky.9@bk.ru  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**ӘЛ-ФАРАБИ МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ**

Бұл мақалада әл-Фарабидің музыка өнерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы туралы мәселелер тереңірек қарастырылады. Сонымен қатар, әл-Фарабидің жалаң орындаушы ғана емес, аса ұлы музыка зерттеушісі, асқан теоретик болғандығы нақтыланады. Оның «Музыканың ұлы кітабы» деп аталатын көлемді шығармасын бүкіл музыка тарихшылары бір ауыздан музыка теориясы жайлы жазылған үлкен еңбектердің қатарына қосуы тегін еместігі айқындалады. Әл-Фарабидің музыка теориясын бір жүйеге келтірудегі басқа ғалымдардың еңбектерін салыстырмалы түрде қарастырғаны сипатталады. Әл-Фараби музыка ғылымын, теорияны оның практикасымен, яғни музыканы шығару, орындаушылық т.б. таза практикалық мәселелермен шатастырмау керектігін айтады. Мәселен, бұл еңбекте музыканың теориясы мен практикасында қазіргі қолданылып жүрген екі тонды музыкалық жүйенің бастамасы бар екендігі анықталады. Мұнда ғылымның философиялық мәселелері мол қамтылған, физика-математика туралы да соны-соны пікірлер мен қағидалар айтылады, сонымен қатар музыканың тәжірибелік және теориялық маңыздылығы нақтылап көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** музыка, ырғақтар, тәжірибе, әуендер, музыка теориясы, эксперимент, акустика, өнер, сезім, музыкалық интервалдар.

Suleimenov P.M.<sup>1</sup>, Abdikharparova G.A.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Candidate of Political Science, Associate Professor, e-mail: spirimbek.@mail.ru

<sup>2</sup>Teacher of the department of philosophy, e-mail: Lucky.9@bk.ru  
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

**On the theoretical and practical importance of the music art of Al-Farabi**

In this article, further explored the theoretical and practical importance of music al-Farabi. In addition, it specifies that al-Farabi was not only a solo artist, as well as a great explorer and a great music theorist. He's volume work called «The Great Book of Music» has been unanimously recognized by many historians of music, and is included among the important works on the theory of music. Al-Farabi is relatively regarded the work of other scientists at systematization of the theory of music. According to al-Farabi, it is necessary not to confuse the science of music, with his theory, that is, work practice, playing music, and so on should not be confused with the purely practical questions. For example, this paper describes the beginning of the two-tone musical system, which is widely used in the theory and practice of music at the moment. There are extensively covered philosophical questions of science, telling the new principles and judgments of physics and mathematics, in addition, covered the importance of the theory and practice of music.

**Key words:** music, rhythms, practice, ringtones, music theory, experiment, acoustics, art, a sense of musical intervals.

Сүлейменов П.М.<sup>1</sup>, Абдихапарова Г.А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>кандидат политических наук, доцент, e-mail: spirimbek@mail.ru

<sup>2</sup>преподаватель кафедры философии, e-mail: Lucky.9@bk.ru

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

### О теоритической и практической важности искусства музыки аль-Фараби

В этой статье глубже изучены вопросы теоретической и практической важности музыки аль-Фараби. Кроме того, конкретизируется, что аль-Фараби был не только сольным исполнителем, но и также великим исследователем музыки и большим теоретиком. Не с проста его объемная работа, называемая «Великая книга музыки», была единогласно признана многими историками музыки и включена в число значимых трудов по теории музыки. Аль-Фараби при систематизации теории музыки сравнительно рассматривал работы других ученых. По мнению аль-Фараби, необходимо не путать науку музыки, его теорию с практикой, то есть сочинение, исполнение музыки и т.д. не следует путать с чисто практическими вопросами. Например, в этой работе рассказывается о начале двухтональной музыкальной системы, которая широко используется в теории и практике музыки в данный момент. Здесь обширно охвачены философские вопросы науки, рассказываются новые принципы и суждения о физико-математике, к тому же обосновывается важность теории и практики музыки.

**Ключевые слова:** музыка, ритмы, практика, мелодии, теория музыка, эксперимент, акустика, искусство, чувство, музыкальные интервалы.

### Кіріспе

Әл-Фарабидің ғылым мен өнердегі үлкен де кесек дүниесі – оның музыкасы. Ол ең әуелі музыканың аса ұлы теоретигі саналады. Фарабидің музыка теориясын дамытудағы тарихтан алатын орнын анықтамастан бұрын, музыка теориясын бір жүйеге келтірудегі басқа ғалымдардың еңбектеріне тоқтала кеткен жөн. Музыка теориясына қатысты ойларын қарастырсақ, музыка онтологиясы музыка болмысы, оның принциптері, заңдары мен формалары туралы ілім өздерін жүзеге асыруда өзара шартталған, өз ішінде орындаушылар мен музыка аспаптары туралы ілім де болып табылады. Әл-Фарабидің музыкалық болмыс құрылымында орындаушылар мен аспаптардың орны мен маңызы туралы сұрақ, музыкалық болмыстың өзі үдеріс ретінде, олардың қабылдауы мен өзгеріс формасында қарастырыла бастағанда туындайды. Ол материалдық дүниені де (әлемдік құбылыстар, жағырафиялық орта, азық-түлік, киім-кешек, тұрмыс жағдайы), екінші жағынан, рухани дүниені де (ән-күй, әдет-ғұрып, жазу және ауыз әдебиеті, саяси, құқықтық жағдайлар) қамтиды [1, 37 б.]. Музыканың біртұтас физика-математикалық теориясының іргетасын қалауда атақты грек оқымыстысы Пифагор және оның шәкірттері – Аристоксен, Гиппас және басқалардың еңбегі өте зор болған [2, 123 б.]. Грек музыкасының басын құрастырып, жинаптеріп, олардың музыкалық ғылымен жаңа жағдайда жаңа заманға лайықты дамытушылар: әл-Кинди, әл-Фараби, Әбу Әли ибн-Сина болды.

Бұлардың арасында әл-Фараби музыка теориясын дамытудағы алатын орны ерекше.

Кейбір деректерге қарағанда оның шығарған музыкалық әндері осы күні Иран, Ирак, Түрік және басқа да Шығыс елдерінде орындалады. Оның өзі жасаған «Канун», «Уд», «Қыпшақ» деп аталатын аспаптары болған сияқты. Фараби музыка теориясына арнап бірнеше еңбек жазған: «Музыканың ұлы кітабы», «Музыка жайлы талдау», «Бірғақтардың классификациясы». Бұдан басқа «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдардың энциклопедиясы» атты туындыларында музыка ғылымын талдауға арнаған жеке тараулары бар. Ғалым музыка ғылымының шығуын материалистік тұрғыдан түсіндіреді.

Әл-Фарабидің дыбыс және оның таралуы жөніндегі кейбір ой-пікірлері осы күнгі физикада қабылданған мағлұматтарға жуық келеді. Мәселен, «өзара әсер еткен екі дененің арасындағы ауа тығыздала түсетіндіктен дыбыс шығады». Ауаның әрбір бөлшектері басқа бөлшектерін қозғалысқа келтіретіндіктен бұл тербеліс ақырында қозғала келе құлақ жарғағына беріледі. Ал есту органы оны дыбыс түрінде қабылдайды. Есту органы дыбысты әртүрлі естиді, оның дыбыс көзінен алыс-жақындығына байланысты», – деп түсіндіреді. Сонымен, әл-Фарабидің пікірінше дыбыс сапасы жағынан жоғарылық, күш және басқа қасиеттерімен анықталатын объективті құбылыс [24, 123 б.]. Әл-Фарабидің аса үлкен музыкант, тамаша орындаушы болғаны мәлім. Оның бес аспап орындаушылығы жөнінде шығыс халықтары арасында күні бүгінге дейін тарап жүрген мы-

надай аңыз бар: Шығыс патшаларының бірінің сарайында той-думан қызып, бек-патша, қожа-молдалар жиылып үлкен жиын-тамаша құрып жатқан көрінеді. Оған әл-Фараби де қатысады, бірақ шарап ішіп елірген мас қауым Фарабиге ілтипат жасамайды. Бұған шыдамаған әл-Фараби бір шетке шығып, домбырасын қолына алып, аса бір мұнды күй тартады, оның мұндылығы сонша жұрттың бәрі ойын-сауықты тастай салып уайымға беріліп егіліп жылайды, енді бір сәт аса бір қуанышты, көңілді күйді ойнап жөнелгенде әлгі жұрт еңселерін бірден көтеріп балаша билеп, жың қаққандай сақылдап күліп ойнап кетеді. Мұнан соң әл-Фараби біртүрлі жаймашуақ бір сарынды қоңыр ырғақты күйді ойнағанда отырғандар музыка әуеніне елітіп бірі қалмай ұйықтап қалады. Оларды ұйықтатып тастап, әл-Фараби жайына жүріп кетіпті дейді.

Әл-Фараби жалаң орындаушы ғана емес, аса ұлы музыка зерттеушісі, асқан теоретик және практик болған. Оның «Музыканың ұлы кітабы» деп аталатын көлемді шығармасын бүкіл музыка тарихшылары бір ауыздан музыка теориясы жайлы жазылған үлкен еңбектердің қатарына қосуы тегін емес. Мәселен, француздың көрнекті музыка зерттеушісі, осы еңбекті 1930-1935 жылдары француз тіліне аударған Р. Эрланже: «...әл-Фарабидің бұл салада кейіннен араб тілінде жазған авторлардан артықшылығы жер мен көктей» десе, ағылшынның қазіргі үлкен бір музыка зерттеушісі Г. Фармер «Музыканың ұлы кітабы», әл-Фарабиді орта ғасырлардағы музыка жөнінде жазған ең үлкен автор болды деген пікірімізді дәлелдеп отыр деп жазады... [4, 45 б.]. Әл-Фараби музыка ілімін жасауда сөз жоқ ертедегі грек оқымыстылары Пифагор, Аристотель, Евклид, Аристоксен, Плотомейдің тиісті еңбектеріне сүйенеді. Алайда, әл-Фараби бұл авторлардың идеяларын сын көзімен қарап, логикалық сарапқа салып, ғылымның жаңа жетістіктері негізінде қайта талдап шығады, олардың дұрыс-бұрыс жерлерін дәл басады. Сондықтан да әл-Фараби бұл салада гректерден көп озық кеткен. Мәселен, ежелгі грек ғұламалары аспаптарды зерттеуді тыңнан бастап, математика және физиканы жетік білгені сонша, олардың музыка іліміндегі мүлт кеткен жерлерін дәл тауып түзетеді, дамытады. «Мен тек музыка ғылымын бағалаушы ғана емеспін, музыка өнерін де бағалаушымын, сондықтан да ередегі гректерге қарағанда, көбірек істеуіме мүмкіндігім болды» деп жазады әл-Фараби. Шығыстың ғылымы мен өнері ескі грек ғылымы мен өнерінің жай ғана көшірмесі болды деп

кемітетін буржуазия ниеттес оқымыстылар бұған не айтар екен.

### Негізгі бөлім

Ортағасыр дәуірінде қалыптасқан түрлі мәдениеттердің өзара ықпалдастығы исламдық дүниетаным аясында жүзеге асып, шоқтығы биік мәдени өмірді дүниеге әкелді. А. Мец бұл дәуірді «Мұсылман Ренессансы дәуірі» десе [5, 87 б.], А.Х. Қасымжанов «Шығыс ренессансы» деп атайды. Исламдық ортағасыр мәдениетінің қайталанбас өркендеуін атап көрсетеді. Сондай-ақ мәдениет құбылыстары қоғам өмірінің экономикалық алғышарттарымен байланысты екенін, бірақ барлық жағдайда және толығымен олар тек сол алғышарттармен ғана түсіндірілмейтінін ескерген жөн [6, 5 б.]. «Жалпы тарихи заңдылықтарды ашып, рухани мәдениет ескерткіштерін, атап айтқанда, IX-XV ғғ. Орталық Азия халықтары мен ойшылдарының философиялық және діни-адамгершілік көзқарастарын зерттеу материалдық және рухани факторлардың өзара әрекеттесуі негізінде ғана мүмкін» деген Ю.Д. Жұмабаев пен Ш.Ф. Мамедовтың пікіріне қосыламыз [7, 10-11 бб.]. Демек, адамның рухани дүниеден осы негізден нәр алады және болмыс қатынасында жетіліп, дамып отырады [8, 12 б.]. Профессор Д. Кішібеков: «Мәдениет – адам баласының ақылымен, қолымен тағы табиғаттан бөліп алынып, өңделген зат, құбылыс» – деген анықтама береді [9, 17-20 бб.]. Демек, мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты.

Әл-Фараби пікірінше музыканың ғылыми іргетасы тәжірибе-бақылау мен физика-математика ғылымдарының қағидаларынан тұрады, ал оның негізгі мақсаты адамның эстетикалық мұқтаждығын қанағаттандыруға тиісті, оның бір ұшы поэзияға тіреледі, өйткені поэтикалық тіл мен музыка тілі бір-біріне етене болып қабысқан кезде музыканың әсерлілігі, эффектісі күшейе түседі, яғни музыка ғылым ретінде математикаға жақын тұрса, өнер ретінде поэзияға туыстас [10.]. Әл-Фараби өзінің «Ғылымдар энциклопедиясы» деп аталатын атақты еңбегінде басқа ғылымдармен қатар музыка ғылымының да ғылымдар тізбегінде алатын орнын, пәнін, мазмұнын, тарауларын анықтап беруге тырысады. Әл-Фарабидің анықтауы бойынша музыка математиканың ірі-ірі жеті тарауының бірі болып табылады. Адамның қоршаған әлемге деген эстетикалық қатынасы оның өміршен

практикалық қажеттіліктері қанағаттандырылған кезде пайда болады. Қоршаған табиғатты игеру үрдісінде адамдар түске, дыбысқа және т.б. немқұрайды қараған жоқ. Мысалы, музыканың пайда болуының қайнар көзі адамның сөйлеуімен қатар дауысқа еліктеушіліктен пайда болады. Пифагоршылдар өнер дегеніміз табиғатқа, ғарышқа және адамдардың іс-әрекетіне еліктеу болып табылады деген ойды айта отырып, музыканы «сфералар үйлесімділігіне» еліктеу деп танытады [11, 318 б.]. «Музыка туралы ғылымға келсек, ол жалпы алғанда әуен (мелодия, күй, саз) түрлерін, олардың неден жасалатынын, не үшін жасалатынын, олардың әсері бойынша өткір және әсерлі болу үшін қандай болу керек екендігін зерттейді. Ол екі ғылымды біріктіреді: біріншісі, практикалы (тәжірибелі, қолданбалы) музыка, екіншісі музыка жайлы теориялық ғылым. Практикалық музыкаға табиғи және жасанды түрде жасалған аспаптарда орындалып сезім арқылы қабылданатын, оған мелодиялар жатады. Табиғи құралдарға көмей, тілшік, мұрын т.б. жатады, сыбызғы, лютия және басқалары жасанды аспаптар. Музыкант-практик тек музыкалық аспаптардан тон, әуен (мелодия) және осыларға қатысты барлық басқа нәрселерді шығарып алумен ғана шұғылданады. Музыка жайлы теориялық ғылым ақылмен сезу сипатында болады, ол тондар мен әуендер (мелодиялар) жайлы жалаң білім беріп қана қоймай, әуенді (мелодияны) құрайтын нәрселердің бәрінің себептерін ашады: мұнда олар белгілі бір аспапқа, материяға қатыссыз дерексіз түрде қарастырылады. Бұл ғылым әуенді (мелодияны) қандай аспаптар мен денелер шығарғанына тәуелсіз жалпы түрде, дыбыс қабылдау мүшесінің пәні ретінде қарастырылады [12, 25 б].

Әл-Фараби музыка ғылымының тараулары туралы былай дейді: «Музыка жайлы теориялық ғылым үлкен-үлкен бес тараудан тұрады. Бірінші тарауда қандай ғылымның болса да құрамын анықтауда қажет болатын негіздер мен принциптер баяндалады: бұл негіздер қалай зерттеліп қабылданады, қандай болуы керек деген мәселелер қамтылады. Екінші тарауда осы музыка ғылымының негіздері баяндалады. Бұл тарауда тондардың шығуы, олардың саны мен сапасы, бір тонның екінші тонға қатысы және бұлардың дәлелдері келтіреді. Мұнда тондардың рет мен орналасу түрлері айтылады; бұл олардың үйлесімді және үйлесімсіз болуын құруға мүмкіндік береді. Үшінші тарауда жоғарыда көрсетілген негіздерді белгілеу және дәлелдеу барысында келтірілген нәрселерді әр

түрлі жасанды аспаптарда қалай қолдануға болатыны айтылады. Бұл аспаптарда осы негіздерге сәйкес тондарды қалай шығарып алу және оларды алдын ала белгілеген ретпен қалай орналастыру жолы көрсетіледі. Төртінші тарауда тондардың метрлік негіздерін құрайтын әр түрлі табиғи ырғақтар сөз болады. Бесінші тарауда жалпы әуендер (мелодиялар) құрастыру, әсіресе белгілі бір тәртіп пен жүйе бойынша түзілетін поэтикалық сөздерге сәйкестендірілген кемел әуендер (мелодиялар) құрастыру жайлы баяндалады. Мұнда поэзиялық сөздерді белгілі бір мақсат арқасында әсерлі де өткір шабыт бастапқы көздеген мақсатқа жеткізерліктей әуендер (мелодиялар) табуда әңгіме болады». Әл-Фарабидің музыка ғылымы жайлы айтқан бұл қағидалары музыка теориясының дамуына орасан зор ықпал жасады. Атақты ибн-Сина, Омар Хайям бұл салада әл-Фарабиді үлкен ұстаз, аға тұтып, өздерінің музыкалық шығармаларында оны үнемі басшылыққа алып отырады [13, 135 б].

Әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» атты трактаты осы «Ғылымдар энциклопедиясында» келтірілген жоспарда жазылған. Бұл еңбек тек құрғақ музыкалық шығарма ғана емес, бүкіл орта ғасырлық ғылымның салдарлы да сындарлы рухани ескерткіші. Мұнда ғылымның философиялық мәселелері мол қамтылған, физика-математика туралы да соны-соны пікірлер мен қағидалар айтылады, ол бұл еңбекте музыканың тәжірибелік және теориялық негізін қалап және оны көрсетіп береді. Нақтылы айтқанда әл-Фараби теориялық ғылым жасаудың үш шартын қойып, осы шарттар негізінде музыка теориясын өз бетінше жаңадан жасап шығады: ол шарттар туралы біз жоғарыда әл-Фарабидің ғылым жасау әдісі жайлы әңгімемізде айтқанбыз.

«Музыканың ұлы кітабы» музыка ғылымына кіріспе; музыка ғылымының негіздері; музыкалық аспаптар; музыкалық композиция деген үлкен-үлкен төрт тараудан тұрады. Бұл еңбек 15 ғасырда-ақ латын тіліне аударылып, Еуропада музыка ғылымы мен өнерінің дамуына үлкен әсер етті. Мәселен, бұл еңбекте музыканың теориясы мен практикасында қазіргі қолданылып жүрген екі тонды музыкалық жүйенің бастамасы бар. «Музыканың ұлы кітабында» тек музыка ғана емес, философия, физика (акустика), математика, тарих, этнография т.б. ғылым мәселелері мол ұшырайды. Осы тараулардың жеке-жеке нақтылай түсетін болсақ. «Музыка ғылымына кіріспе» тарауы екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлікте әуенді (мелодияны) анықтау, теориялық және практикалық

музыка, музыкалық аспаптар, музыкаға бейімділік, күй шығару, әр түрлі музыкалық жанрлар, олардың көңілге әсері, музыкалық талант, адам дауысы мен аспаптар шығаратын дыбыс, музыканың шығуы, аспаптар жасау, музыкалық білім-тәрбие беру, теориялық ғылым, теориялық музыкалық өнер, сезім және ақыл қорытындысы, бастапқы, негізгі принциптер, музыкадағы табиғи нәрселер жайлы айтылады.

Фарабидің музыкалық дыбыстың сипаты мен құрылымынан бастап, музыканың поэзиясымен байланысына дейінгі «музыкалық ғылымының» мәселелеріне ғана айналмай, музыканың эстетикалық-теориялық принциптерін шешуге бағытталған. Әл-Фарабидің музыкасы, поэзиясы эстетикалық көзқарасы осы күнге дейін толық зерттелінбей келеді. Сондықтан да әл-Фарабидің музыка саласы бойынша жазылған теориялық мұраларды терең ұғынуға мүмкіндік береді – дейді М.С. Бурабаев [22, 6 б.]. Бұл тараудың екінші бөлігінде дыбыстың табиғи сезілуі, гармония және үндестік, үндессіздік, «табиғи тондарды» іздеу, музыкалық интервалдар (аралықтар), «табиғи» тондарды шығаруға арналған аспаптар, Шахруд және Лютня аспаптары, біртекті тондарды топтау, гамма, негізгі интервалдар: октава, квинта, кварта, тон, қалдық интервал немесе ламма, кварта интервалын үш интервалға жіктеу (бөлу), жарты тон туралы айтты, он екі жарты тоннан тұратын шкала, жоғары және төмен дыбыстардың себептері, тондарды сандар арқылы кескіндеу; тондар жөнінде теориялық және практикалық идея, үндестік, жай қатынастар, қатынастарды көбейту және бөлу туралы әңгіме болады [14, 34 б.]. «Музыка ғылымының негіздері» деп аталатын екінші тарау да екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлікте физикалық принциптер, дыбыстың шығуы және оның таралуы, тон және оның анықтамасы, дыбыс шығаратын денелер, жоғары және төмен дыбыстардың себептері, өлшеуге болатын себептер және өлшеуге болмайтын себептер, тондардың қатынасы, музыкалық интервалдар – қос октава, кварта, квинта, тон, үндестік және диссонанс қатынастары, үлкен, орта және кіші интервалдар. Интервалдарды қосу, бөлу және азайту жайлы арифметикалық ережелер, әр түрлі үндес интервалдар, жанрлар туралы айтылады. Екінші бөліктің мазмұнына мынадай мәселелер өзек болған: квартадан үлкен топтар, кемел топ немесе қос октава, тағы тондардың аталуы, жылжымайтын және жылжымалы тондар, тональдық, тондар мен интервалдық қоспасы, топтар ментональдықтардың қоспасы, тон-

дар арқылы күйлердің эволюциясы, ырғақтар, теорияны эксперимент жолымен тексеруге арналған аспаптар жасау, әуендерді анықтау. «Музыкалық аспаптар» деп аталатын үшінші тарау да екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлікке мынадай мәселелер қамтылған: теорияны эксперимент арқылы тексеруге мүмкіндік беретін аспаптар, лютняның құрылысы, пернелерінің орналасуы т.б., лютняда жүзеге асыруға болатын интервалдар, лютняның шкаласы, жалпы тондар және ерекше тондар, олардың сандары, лютня тондарының өзара үндестігі, қалдық және ширек тондық интервалдардың үндестігі, «кездейсоқ» үндестіктер, лютняның шкаласын кеңейту, бесінші шек, аккордтар [15, 24 б.]. Екінші бөлікте мынадай мәселелер қарастырылады: тунбурлар туралы, Бағдат тунбуры, тұрақты және айнымалы пернелер, әр түрлі аккордтар, бұл аспаптағы жанрларды белгілеу. Хорасан тунбуры, ондағы тондардың лютня шкаласына сәйкес келуі, басқа аккордтар; флейта, флейтадағы дыбыстың биіктігі және төмендегі, флейтаның түрлері, рабаб, рабабтағы басқа аккордтар, арфалар.

«Музыкалық композиция» деп аталатын соңғы тарау да екі бөліктен құралған. Бірінші бөліктің мазмұны мынадай: әуенің (мелодияның) анықтамасы, толық және толық емес топтар, топтардың таблицалары, үндестік және диссонанс, эволюция, ырғақ, негізгі ырғақ, соғулар, қосылушы ырғақтар, қайталанушы және толықтырушы ырғақтар, арабтардың дәстүрлі ырғақтары, әуендер (мелодиялар) шығару [16, 23 б.]. Екінші бөлігінде мына төмендегі мәселелер қарастырылған: дауыс әуендері, (мелодиялары) адам дауысы, фонема және фазалар, сөздің мелодияға бейімделуі; бос және толтырылған тондар, бос және толтырылған тондарды айту, аралас айту, қосылушы және ажырасушы айтыстың түрлері, дауыс әуендерін (мелодияларын) шығару, айтудың басталуы мен соңы, әуендердің (мелодияның) эффекті, әуендерді (мелодияларды) әшекейлеу және олардың адам сезіміне қатысы. Жоғарыда «Музыканың ұлы кітабы» – әл-Фарабидің ең үлкен де кесек шығармасы дедік. Оқушы қауымды ұлы ғалымның музыка және басқа мәселелер жайлы айтқан аса терең, парасатты кейбір пайымдауларынан, сөз саптау мәнерінен хабардар ету үшін осы ұлы еңбектің кіріспе тарауының аудармасының әр жерінен үзінділер келтіруді мақұл деп таптық әл-Фараби бұл еңбекті өз замандастарының өтініші бойынша жазған, оны жазу себебі жайлы ол былай дейді: «Сен ежелден келе жатқан байырғы музы-

ка өнерін білгің келіп, осы жөнінде әрі жеңіл, әрі түсінікті, көптің кәдесіне жарайтын кітап жазуды өтінген едің... сол тапсырманы осы уақытқа дейін орындай алмай келдім, мұның себебі, бұл мәселе жөнінде жазылған ертедегі ғалымдардың, олардан кейінгілер мен замандастарымыздың еңбектерін тегіс мұқият қарап шығуға тура келді. Саған керек мәлімет солардың ішінен табылып қалған күнде, мен сенің тапсырмаңнан құтылып, кітап жазбаған-ақ болар едім. Сондықтан да негізгі еңбек бұрынғы жазғандікі болып қалады, ал кейінгі тек түзетуші, алғашқының ойын түсіндіруші, көпке жеткізуші ғана болуы ләзім. Әрбір теориялық ғылым негізгі принциптерден және одан шығатын басқа ұғымдардан құралады. Бағзы ғылымдар мен өнердің кейбір түрлерінің негізгі принциптері бізге ол мәлім болады, ал кейбір ғылымдар үшін ол принциптерді немесе олардың бірсыпырасын табу қажет. Қарастырып отырған ғылымда принциптердің айқындығы түгіл сол принциптерді неден шығаруға болатыны да белгісіз, тіпті солардың кейбіреулерін табатын жолды, сондай-ақ, сол жолды іздеп табарлықтай әдісті де бірден табуға болмайды. Ертедегі ғалымдардың еңбектерінде кейбір принциптер тұжырымдалған, бірақ олар оны айқын дәлелдемеген, ал солардың жолын қуған біздің замандастарымыз оны ары қарай анықтай алмаған [17, 56 б.].

Әл-Фараби практикалық музыка өнері туралы былай дейді: Көңілде тек қана нағыз ақиқат елес туғызатын нәрселерге практикалық музыка өнері деген ат дәл келді. Ол сезімдік түрде, формада елестету әуенін (мелодиясын) туғызады. Бұл ат дәл келетін өнердің екінші түрі ақили дарындылық, адам көңіліне ақиқат бейнеге сәйкес әсер ете отырып, әуенді бейнелер формасында туғызады. Адам практикалық музыка өнерін біз анықтаған мағынада меңгереді деп айтады, егер ол төмендегі екі шартты қанағаттандырса, біріншіден, егер оның көңілінде ол шығаратын бір немесе бірнеше музыкалық фразаның түрлері туса; екіншіден, егер оның қабілеттігі соққы арқылы музыкалық тонды тудыратын, мысалы, медиаторды қимылға келтіріп, белгілі бір денеден көрнекті тондарды, дыбыстарды шығара алатын әрекет мүшесін басқара алса ғана айтамыз. Адамның қолымен ауа ұру арқылы шығаратын дем алу мүшелері – соғу органдарына жатады. Қол соққыны тікелей өзі немесе басқа бөтен дене арқылы жүзеге асырады. Дем алу мүшелері ауаны ұру арқылы итеріп соққының әр түрін береді. Бірінші жағдайда әңгіме лютия және цитра тектес аспаптар туралы, екінші жағдайда флей-

та және көмекей қуыстары, дыбыс мүшелері сияқты үрлеу аспаптары мен мүшелері жайлы болады.

Енді ұлы ұстаздың музыкалық дарын – әуеннің (мелодияның) тууы жайлы пікірлерін келтірейік: «Әңгіме бір жағынан, ақыл мен оның әрекетінен тұратын» қабілеттілік, екінші жағынан, басқа денеден бар болатын қабілеттілік жайында болып отыр [21, 36 б.]. Ал әуеннің (мелодияның) бейнесін алатын болсақ, оның сезіммен білінерліктей баламасы болатындай етіп шығарылады. Осы тектес бейнелер үнемі сезімге лайықталып жасалынады, ол бейне мен оны жасау әрекетін бір-бірінен бөліп алуға болмайды, сондықтан бұл әрекет белсенді түрде өтеді. Ақиқат сезімге неғұрлым жақын келсе мелодия бейнесі де соншалық әсерлі болады. Қиялда туған бейнелерді талғап, іріктеу композитордың өзіне байланысты. Жалпы алғанда, бұл бейнелер, оларды сезім арқылы қайта елестетуге мүмкіндік беретін дыбыс шығарушы денеге, ол денелердің негізгі және кездейсоқ қасиеттеріне тәуелді болады. Мұнда тікелей әсер етуші кездейсоқтық та еске алынады. Сондықтан осы алуандас өнер иелерінің өзіне жақсы таныс, үйреншікті аспапсыз, бейтаныс ортада, әдеттен тыс жағдайда мелодия шығаруы және орындауы қиын болады. Бұл тұрғыда бізге бір дарынды әнші зергер туралы мынадай жағдай мәлім: ол өлеңді тек жұмыс істеп отырғанда ғана айта алады екен.

Әл-Фараби дауыс және аспаптардың ойыны жайында былай дейді: «Музыкалық орындаушылық дарын екі түрлі болып келеді: бірі адам дауысы арқылы естілетін, берілетін кемел мелодияны орындау; екіншісі аспаптардың ойыны. Соңғысы аспаптардың сипатына, түріне байланысты әр түрлі болып келеді: мысалы, лютия, тунбур және осы тектес дыбыс шығарушы басқа аспаптарда ойнау [19, 57 б.]. Ән салудың өзі мелодияға лайықталған поэзияның түріне, көзделген мақсатқа байланысты түрлерге бөлінеді. Романсты, жоқтауды, мұңды лирикалық шығарманы шырқауға керекті дарын мен төгілмелі өлеңді термелеп айтуға немесе басқа өлең түріне, формасына керекті дарын әр түрлі болады. Мәселен, гида басқа дарынды керек етеді. Аспапты музыка әнді, әуенді адам дауысына еліктету, бейімделу дәрежесіне қарай күшейте алады. Ол дауысты сүйемелдеу байыту немесе прелюдия және интермедия қызметін атқарады. Интермедиялар әншіге дем алуға мүмкіндік береді, олар дауыстың жеткізе алмаған жерін өрнектеп, музыканы толықтырады. Аспапты музыканың басқа түрі

болады, ол кемел музыкаға, яғни әнге қосылуы қиын боларлықтай етіп шығарылады. Сондықтан да ондай музыканың әншіге ешқандай көмегі жоқ. Сөйтіп, әл-Фараби мұнда әншінің әуенін, дауысын, музыкалық аспаптар беретін дыбыстардан, музыканы жоғары бағалап отыр. Бірақ та ол кейінгілерді әншіге көмекші, жәрдемші, толықтырушы ретінде таптырмас құрал болатынын дұрыс ескерткен [18, 78 б]. Енді әл-Фарабидің практикалық музыка өнерінің қалай шыққаны жайлы пікірін келтірейік: «Адамның инстинктіне, соқыр сезіміне жататын туа біткен табиғи дарын оған музыка шығаруға, тудыруға мүмкіндік береді. Осы дарындардың қатарына біз адамның поэзияға бейімділігін, оның қуаныш жағдайында тұрғанда оны арнаулы дыбыстар, ал ол қайғыны бастан кешіргенде басқа дыбыстар шығаруға мәжбүр ететін инстинкті қосамыз. Біз сондай-ақ мұнда ауыр еңбектен кейін адамды дем алуға тырысуға мәжбүр ететін, жұмыс үстінде көңілін бөліп, шаршап-шалдыққанын ұмыттыратындай амал-әрекет іздеуге бағыттайтын сезіміне де мән береміз.

Әл-Фараби музыкалық аспаптардың қалай шыққаны туралы былай дейді: «Сонан соң музыканттар белгілі бір аспаптарға тоқталып, олардан адам дауысымен салыстырғанда басқаша тондар мен дыбыстарды шығарып алуға болатынын білген; ол аспаптардың дыбыстары

мен тондары ән дыбыстарының сапасындай болмағанымен олардың да белгілі бір ләззәт туғызарлықтай қасиеті барлығы байқалып, табиғи болып естілген. Демек, әлемде қанша ұлттық жетілген мәдениеттер бар болса, сонша ұлттық философиялық ойлау жүйелердің болатындығын көрсетеді [20, 4 б.].

Музыканттар оларды қабыл алған. Олар кейде ән салу ережелерінен шегініп, ол аспаптарды мүмкіндігінше ең жақсы пайда келтіре алатындай етіп пайдаланған. Осылай дауыс еліктей алмайтын таза аспапты музыка туған. Бұған Хорасан мен Персиядағы ежелгі равасин аспабы мысал бола алады. Аспапты музыка ән салумен қосарланғанда оған үлкен күш, көп мәнер береді және оны әр түрлі жағдайларда алмастыра алады. Сөйтіп, музыкалық жанрдың бұл екі түрі бір-бірімен тығыз байланысты. Әл-Фараби бірнеше музыкалық дыбыстардың бір мезгілде алынуы туралы теориясы да көңіл аударарлықтай: «Өзара кемел байланысқа түскен ноталарды, аккорд, туыстық үндестік (гармония) деп айтамыз» [23, 29 б.] – деген жерлері бүгінгі музыкалық теориялармен, анықтамалармен үндесіп жатыр. Әл-Фараби музыка ғылымын, теорияны оның практикасымен, яғни музыканы шығару, орындаушылық т.б. таза практикалық мәселелермен шатастырмау керектігін айтады.

#### Әдебиеттер

- 1 Кішібеков Д.К., Кішібеков Т.Д. Ұлтаралық қатынастар мәдениетінің қалыптасуы. – Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990. – 43 б.
- 2 Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы: Өнер, 1980. – 123 б.
- 3 Көне мәдениет жазбалары. – Алматы, 1991. – 284 б.
- 4 Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы, 1971. – 125 б.
- 5 Мец А. Мусульманский Ренессанс. – М.: Наука, 1996. – 544 с.
- 6 Әл-Фараби философиясы // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана: Аударма, 2005. – 2 т. – 16 б.
- 7 Джумабаев Ю.Д., Мамедов Ш.Ф. Этическая мысль в Средней Азии в IX-XV вв. – М.: МГУ, 1974. – 225 с.
- 8 Қожамбердиев Б. Рухани болмыс пен әлеуметтік болмыс дамуының арақатынасы: филос. ғыл. д-ры дисс. авторефер: 09.00.03. – Алматы, 2005. – 44 б.
- 9 Кішібеков Д., Кішібеков Т. Мәдениет және өркениет // Ақиқат. – 2008. – № 9. – 17-20 бб.
- 10 Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. – Алматы, 2003. – С. 216-217.
- 11 Аль-Фараби. Математические трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 323 с.
- 12 Әбу Насыр әл-Фараби. Музыка туралы үлкен кітап. – Алматы, 2008. – 29 б.
- 13 Аль-Фараби «Научное творчество». – Сборник статей. – М., 1975. – 35 б.
- 14 Madrouf I. La metaphisique en terre d' Islam, die Metaphysic im Mittelalter ihr Ursprung und ihre Bedeutung. Vortrage der II Internationalen Kongresses fur mittelalterliche philosophie. Koln, 1961.
- 15 Әл-Фараби. «Музыканың үлкен кітабы туралы». – Алматы, 2009. – 123 б.
- 16 Наследие аль-Фараби и мировая культура: Материалы Международного конгресса «Наследие аль-Фараби и мировая культура», 28-29 сентября 2000 г., г. Алматы / под ред. Нысанбаева А.Н. – Алматы: КИЦ Института философии и политологии МОН РК, 2001. – 385 с.
- 17 Гафуров Б.Г., Касымжанов А.Х. Аль-Фараби в истории культуры. – М.: Наука, 1975. – 185 с.
- 18 Жұмагелді Нәжімеденов. Әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітабындағы ойлар»: монография. – Алматы, 2010.
- 19 Нысанбаев Ә. Ұлттық рухты асқақтата түсу керек // Айқын. – 2009. – 25 маусым.

- 20 Саида Даукеева. Философия музыкасы Абу Наср Мухаммад Аль-Фараби. – Алматы: Фонд Сорос-Қазақстан, 2002. – 352 с.
- 21 Аликбаева М.Б., Танабаева А.С. Әл Фараби: музыка және рухани болмыс. //Хабаршы ҚазҰУ. – №2/1(51). – 2015. – 399 б.
- 22 Әл-Фараби. В кн.: Трактаты о музыке и поэзии статья М.С. Бурабаева. Философия искусства Абу-Насыра аль-Фараби. – Алматы, 1993. – С. 6.
- 23 Әбу Насыр әл-Фараби. Музыка туралы үлкен кітап. – Алматы, 2008. – 29 б.
- 24 Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы: Өнер, 1980. – 123 б.

#### References

- 1 Dzhakibekov DK, Kysibekov.TD Formation of culture of interethnic relations. – Almaty: «Education» society of the Kazakh SSR, 1990. – 43 p.
- 2 Kazakh musical instruments. -Almaty: Arts, 1980.-123b.
- 3 Ancient cultural records. – Almaty, 1991. – 284 p.
- 4 Kobesov A. Al-Farabi. – Almaty, 1971. – 125 p.
- 5 Mets A. Muslim Renaissance. – М.: Наука, 1996. – 544 с.
- 6 Philosophy of Al-Farabi // Philosophical heritage of the Kazakh people: 20 т. – Astana: Translation, 2005. – 2 т. – 16 p.
- 7 Dzhumabaev YD, Mamedov Sh. The most remarkable example in Middle Asia in the IX-XV Vol. – М.: МГУ, 1974г. – 225 p.
- 8 Kozhamberliev B. The Relationship Between Spirituality and Social Reality: Ph.D. author: 09.00.03. – Almaty, 2005. – 44 p.
- 9 Dzhakibekov D., Komilbekov T. Culture and Civilization // Truth – 2008. – No. 9: 17-20.
- 10 Al-Farabi. Prestigious scientific papers. – Almaty, 2003, – 216-217 p
- 11 Al-Farabi. Mathematical Tract.- Alma-Ata: Nauka, 1972. – 323 pp
- 12 Abu Nasr al-Farabi. Great book about music. – Almaty, 2008. – 29 p.
- 13 Al-Farabi. The Nautical Creative Works. -State statey. M., 1975. – 35b.
- 14 Madrouf I. La metaphisique en terre d' Islam, die Metaphysic im Mittelater ihr Ursprung und ihre Bedeutung. Vortrage der II Internationalen congresses fur mittelalterliche philosophie. Koln, 1961.
- 15 Al-Farabi. The Big Book about Music. -Almaty., 2009. – 123 p
- 16 Al-Farabi and the World of Culture Materials of International Congress, 28-29 september 2000 y., Almaty c. subd.
- 17 Nysanbaeva AN – Almaty: Institute of Philosophy and Political Science at the Institute of International Relations, 2001. – 385 c.
- 18 Gafurov BG, Kasymzhanov A.X. Al-Farabi in the history of culture. -M.: Nauka, 1975. - 185 c.
- 19 Zhmageldy Nazhimedonov. Al Farabi The Thoughts in a Great Book about Music. Monograph, Almaty., 2010.
- 20 Nysanbayev A. National spirit must be promoted. // Clear. – 2009 – June 25.
- 21 Saida Daukeeva. Philosophy Music Abu Nasr Mohammad Al Farabi. – Almaty: Foundation Soros-Kazakhstan, 2002. – 352st.
- 22 Alikbaeva MB, Tanabayeva A.S. Al Farabi: Music and Spirituality.
- 23 Al-Farabi tracts about music»//Article by Burabaeva// Art of Philosophy Abu Nasr al-Farabi. Almaty, 1993. 6.
- 24 Abu Nasr al-Farabi. Great book about music. Almaty – 2008. – 29 p.
- 25 Kazakh musical instrument. -Almaty: Arts, 1980. – 123p.